КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 19 желтоқсан №4712-24-00-2/4630 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Ернар», басшысы Ауелхан Ернар Мақсатұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)Шартты бұзу
2)Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
3) Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою –қанағаттандырылсын.

«Маңғыстау облысы әкімдігінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен жеке кәсіпкер «Ернар», басшысы Ауелхан Ернар Мақсатұлы арасындағы 6 қазан 2024 жылғы №240303/00 мемлекеттік сатып алу туралы кесімшарт бұзылсын.

ЖК «Ернар», басшысы Ауелхан Ернар Мақсатұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ЖК «Каусар», басшысы Мұхаш Зеріп Нұрлыбекқызынан мемлекет пайдасына 14 100 (он төрт мың бір жүз) теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыппұлды және 3 833 (үш мың сегіз жүз отыз үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 19 желтоқсанда дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 23.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.01.2025, судья Метеркулова Г. О., 27.01.2025

4712-24-3-1/4264